

Жинақталған зейнетақы қаражатын жинақтаушы зейнетақы қорларынан аудару ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 24 мамырдағы N 146 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 5 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 2928. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 23 қыркүйектегі N 217 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 23 қыркүйектегі N 217 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 1-тармағының б)-тармақшасына, 41-бабы 2-тармағының б)-тармақшасына және "Қаржы рыногы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 3)-тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Жинақталған зейнетақы қаражатын жинақтаушы зейнетақы қорларынан аудару ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

3. Осы қаулы қолданысқа енгізілген күннен бастап Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1065 тіркелген, Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар рыногы жөніндегі нормативтік құқықтық актілер жинағында 2001 жылы жарияланған, 4-том, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті Төрағасының міндеттерін орындаушының "Жинақталған зейнетақы қаражатын жинақтаушы зейнетақы қорларынан аудару

ережесін бекіту туралы" 2000 жылғы 4 қаңтардағы N 2-П бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

4. Стратегия және талдау департаменті (Еденбаев Е.С.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" Заңды тұлғалар бірлестігіне және жинақтаушы зейнетақы қорларына жіберсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің қызметін қамтамасыз ету департаменті (Несіпбаев Р.Р) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Төрағасының орынбасары Е.Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының "Жинақталған зейнетақы қаражатын жинақтаушы зейнетақы қорларынан аудару ережесін бекіту туралы" 2004 жылғы 24 мамырдағы

N 146 бұйрығымен бекітілді

Жинақталған зейнетақы қаражатын жинақтаушы зейнетақы қорларынан аудару

Ережесі

Осы Ереже "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және салымшының (алушының) жинақталған зейнетақы қаражатын бір жинақтаушы зейнетақы қорынан басқаға немесе сақтандыру ұйымына аудару тәртібін айқындайды.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелерде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) жинақталған зейнетақы қаражатын аудару туралы өтініш - зейнетақымен камсыздандыру және жинақталған зейнетақы қаражатын басқа жинақтаушы зейнетақы қорына аудару туралы шартты бұзуы жөніндегі салымшының (а л у ш ы н ы ң) ө т і н і ш і ;

2) жинақталған зейнетақы қаражатын сақтандыру ұйымына аудару туралы өтініш - жинақталған зейнетақы қаражатын (толық немесе ішінара) сақтандыру ұйымына онымен зейнетақы аннуитеті шартын жасауға байланысты аудару туралы салымшының (алушының) өтініші;

3) сақтандыру ұйымы - "өмірді сақтандыру" саласы бойынша онымен салымшы (алушы) зейнетақы аннуитеті шартын жасаған сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар сақтандыру ұйымы;

4) жіберуші қор - жинақтаушы зейнетақы қоры, одан салымшы (алушы) жинақталған зейнетақы қаражатын басқа жинақтаушы зейнетақы қорына немесе сақтандыру ұйымына аударды;

5) алушы қор - жинақтаушы зейнетақы қоры, оған салымшы (алушы) осы жинақтаушы зейнетақы қорымен жасалған зейнетақы шартының негізінде жинақталған зейнетақы қаражатын аударды.

2-тарау. Жинақталған зейнетақы қаражатын аудару тәртібі

2. Жинақталған зейнетақы қаражатын аудару мақсатында салымшы (алушы) жіберуші қорға мынадай құжаттарды:

1) осы Ереженің 1-қосымшасына немесе 2-қосымшасына орай жинақталған зейнетақы қаражатын аудару туралы өтінішті;

2) салымшының (алушының) жекелілігін куәландыратын құжаттың көшірмесін және шолуға арналған куәліктің түпнұсқасын;

3) алушы қормен жасалған шарттың көшірмесін не сақтандыру ұйымымен жасалған шарттың түпнұсқасын береді.

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 24 желтоқсандағы N 440 қаулысымен .

2-1. Салымшы (алушы) жинақталған зейнетақы қаражатын алушы қорға аудару туралы өтінішпен жеке өзі хабарласа алмаған жағдайда, салымшы (алушы) жинақталған зейнетақы қаражатын аудару мақсатында жеке немесе заңды тұлғаға, онда жинақталған зейнетақы қаражаты аударылатын жинақтаушы зейнетақы қорын көрсете отырып, жинақталған зейнетақы қаражатын аудару туралы өтінішпен хабарласуға нотариат куәландырған сенімхатты береді.

Сенімді адам жіберуші қорға мынадай құжаттарды:

1) осы Ереженің 3-қосымшасына немесе 4-қосымшасына сай өтінішті;

2) жинақталған зейнетақы қаражатын аудару туралы өтінішпен хабарласуға нотариат куәландырған сенімхатты;

3) салымшының (алушының) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;

4) алушы қормен жасалған шарттың көшірмесін не сақтандыру ұйымымен жасалған шарттың түпнұсқасын;

5) сенімді адамның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін және шолуға арналған куәліктің түпнұсқасын береді.

Ескерту: 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 24 желтоқсандағы N 440 қаулысымен .

2-2. Жіберуші қор салымшыға (алушыға) немесе сенімді адамға ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және олардың қабылданған күнін көрсете отырып анықтаманы береді .

Ескерту: 2-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 24 желтоқсандағы N 440 қаулысымен .

3. Жинақталған зейнетақы қаражатын аударуды салымшы (алушы) осы Ереженің 2-тармағында көзделген барлық құжаттарды берген күннен бастап отыз күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде жіберуші қор жүзеге асырады.

Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 24 желтоқсандағы N 440 қаулысымен .

3-1. Жіберуші қор салымшыға (алушыға) немесе сенімді адамға жинақталған зейнетақы қаражатын аудару туралы тапсырманың орындалмау себептерін көрсете отырып, салымшы (алушы) өтінішті берген күннен бастап жеті күнтізбелік күн ішінде жазбаша түрде дәлелді жауапты береді.

Ескерту: 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 24 желтоқсандағы N 440 қаулысымен .

4. Салымшының (алушының) жинақталған зейнетақы қаражатын аударуға байланысты шығыстарды жіберуші қор өзінің меншікті қаражатының есебінен жүзеге асырады.

5. Төлем тапсырмасындағы жинақталған зейнетақы қаражатының сомасын жіберуші қор оларды аударуды жүзеге асыру күніне көрсетеді.

6. Жинақталған зейнетақы қаражатын аудару үшін жіберуші қор Қазақстан Республикасының төлем жүйесінде қолданылатын формат бойынша электрондық төлем тапсырмасын қалыптастырады.

7. Жіберуші қор жинақталған зейнетақы қаражатын алушы қордың сәйкес шотына немесе сақтандыру ұйымының шотына аударатын банк-кастодианға электрондық төлем тапсырмасын береді.

8. Жіберуші қор алушы қорға немесе сақтандыру ұйымына жинақталған зейнетақы қаражатын аударуды растау үшін жинақталған зейнетақы қаражатының атап көрсетілген сомасы туралы салымшыға (алушыға) ол өтініш е т к е н д е м ы н а л а р д ы :

- 1) үзінді көшірмелерді беру күнін;
- 2) есептелген инвестициялық кірістің сомасын көрсете отырып, өткен жылдағы жинақталған зейнетақы қаражаты сомасының қалдығын;
- 3) нақты түсімнің айлары мен күндерін көрсете отырып, ағымдағы күнтізбелік жылдағы зейнетақы жарналары түсімдерінің сомасын;
- 4) әр айдағы нақты есептеудің күнін көрсете отырып, ағымдағы күнтізбелік жылдағы инвестициялық кірістің сомасын;
- 5) олардың нақты түсімінің сомасы мен күндерін көрсете отырып, жеке зейнетақы шотына басқа қорлардан түскен жинақталған зейнетақы қаражатын а у д а р у с о м а с ы н ;

- 6) қордың комиссиялық сыйақысының сомасын;
- 7) егер жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы құнсыздандудың деңгейін есептей отырып, нақты енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының мөлшерінен аз болған жағдайда, Заңға сәйкес қалпына келтірілген соманы;
- 8) нақты төлемдердің күні мен ұстап қалған табыс салығының сомасын көрсете отырып, өткен жылда жасалған зейнетақы төлемдерінің сомасын;
- 9) зейнетақы жарналарының және инвестициялық кірістің нақты түскен сомасын көрсете отырып, аударылған жинақталған зейнетақы қаражатының н а қ т ы с о м а с ы н ;

10) жеке зейнетақы шотындағы жинақталған зейнетақы қаражаты сомасының қалдығын (жинақталған зейнетақы қаражатын сақтандыру ұйымына аударған жағдайда) көрсете отырып береді.

9. Алушы қор не сақтандыру ұйымы жинақталған зейнетақы қаражатының түскені туралы жеке зейнетақы шотына немесе сақтандыру ұйымының шотына оларды есепке алған күннен бастап жеті күнтізбелік күннің ішінде салымшыға (алушыға) жазбаша хабарлайды.

10. Жіберуші қорға зейнетақы жарналары немесе алушы қорға не сақтандыру ұйымына салымшының (алушының) жинақталған зейнетақы жарнасын аударғаннан кейінгі өзге сомалары түскен және жеке зейнетақы шоты жабылған жағдайда, аталған сома қайтарылу себептері көрсетіле отырып, оларды жіберушіге қ а й т а р ы л у ы т и і с .

Ескерту: 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы

Әлеуметтік жеке коды (ӘЖК) N _____

Салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТН) _____

_____ жасалған
(жіберуші қордың толық атауы)
N _____ зейнетақы шартын

бұзуды және міндетті (ерікті, ерікті кәсіби) зейнетақы жарналарының есебінен менің жинақталған зейнетақы қаражатымды толық көлемде

_____ (алушы қордың толық атауы)
аударуды өтінемін.

Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты бұзуға және жинақталған зейнетақы қаражатын басқа қорға аударуға байланысты жеке зейнетақы шоты жабылатындығы маған түсіндірілді.

Салымшының (алушының) қолы: _____

Өтініш жасалған күн: _____
(цифрмен күні, айы, жылы)

Өтініш жіберуші қорда қабылданды _____
(цифрмен күні, айы, жылы)

Өтінішті қабылдаған адамның фамилиясы, аты, әкесінің аты мен
л а у а з ы м ы

Жіберуші қорда тіркелді: _____
(цифрмен күні, айы, жылы)

Келіп түскен нөмірі _____

Е с к е р т у :

1. Өтініш баспа әріптерімен анық толтырылады.
2. Барлық жолдар міндетті түрде толтырылады.

(жіберуші қордың толық атауы)
N зейнетақы шартын
бұза отырып не бұзбай (қажетінің астын сызыңыз)

(сақтандыру ұйымының толық атауы)
міндетті (ерікті, ерікті кәсіби) зейнетақы жарналарының есебінен
толық көлемдегі не ішінара сомадағы

(аударылатын жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы жазбаша)
менің жинақталған зейнетақы қаражатымды аударуды өтінемін.
М е н :

1) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт бұзылған және жинақталған
зейнетақы қаражаты аударылған жағдайда жеке зейнетақы шоты
жабатындығына ;

2) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт бұзылмаған жағдайда,
жіберуші қор жеке зейнетақы шотын жабатындығына және сақтандыру
ұйымына жинақталған зейнетақы қаражатын аударғаннан кейін он екі
күнтізбелік ай ішінде жеке зейнетақы шотына ақша түспеген шартпен
зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты бұзатындығына келісімен.

Салымшының (алушының) қолы: _____

Өтініш жасалған күн: _____
(цифрмен күні, айы, жылы)

Өтініш жіберуші қорда қабылданды _____
(цифрмен күні, айы, жылы)

Өтінішті қабылдаған адамның фамилиясы, аты, әкесінің аты мен
лауазымы

Жіберуші қорда тіркелді: _____
(цифрмен күні, айы, жылы)

Келіп түскен нөмірі _____

Тізілім N _____ жылғы сенімхат негізінде салымшының
(цифрмен күні, айы, жылы)
(алушының) мүддесіне іс-әрекет етуші

Фамилиясы _____

Аты _____

Әкесінің аты _____

Туған күні: _____
(цифрмен күні, айы, жылы)

Құжаттың түрі: (тиісті ұяда х-пен көрсетіңіз)

Жеке куәлік _____ Төлқұжат _____

Нөмірі _____ берілді _____
(цифрмен күні, айы, жылы)

_____ (кім берді)

Әлеуметтік жеке коды (ӘЖК) N _____

Салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТН) _____

_____ жасалған
(жіберуші қордың толық атауы)

_____ N _____ зейнетақы шартын
бұзуды және міндетті (ерікті, ерікті кәсіби) зейнетақы жарналарының
есебінен оның жинақталған зейнетақы қаражатын толық көлемде

_____ (алушы қордың толық атауы)

аударуды өтінемін.

Зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты бұзуға және жинақталған
зейнетақы қаражатын басқа қорға аударуға байланысты салымшының
(алушының) жеке зейнетақы шоты жабылады.

Сенімді адамның қолы: _____

Өтініш жасалған күн: | | | | | | | | | | | | | | | |
(цифрмен күні, айы, жылы)

Өтініш жіберуші қорда қабылданды | | | | | | | | | | | | | | | |
(цифрмен күні, айы, жылы)

Өтінішті қабылдаған адамның фамилиясы, аты, әкесінің аты мен
а у а з ы м ы

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |

Жіберуші қорда тіркелді: | | | | | | | | | | | | | | | |
(цифрмен күні, айы, жылы)

Келіп түскен нөмірі | | | | | | | | | | | | | | | |

Е с к е р т у .

1. Өтініш баспа әріптерімен анық толтырылады.
2. Барлық жолдар міндетті түрде толтырылады.

Жинақталған зейнетақы
қаражатын жинақтаушы
зейнетақы қорларынан
аудару ережесінің

4-қосымшасы

*Ескерту: 4-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы
ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 24
желтоқсандағы N 440 қаулысымен .*

Кімге: | | | | | | | | | | | | | | | |
(жіберуші қордың атауы)

**Салымшының (алушының) жинақталған зейнетақы
қаражатын жинақтаушы зейнетақы қорынан сақтандыру
ұйымына аудару туралы сенімді адамның**

Ө Т І Н І Ш І

М е н , с е н і м д і а д а м

Фамилиясы | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |

А т ы | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |

Әкесінің аты _____

Туған күні: _____
(цифрмен күні, айы, жылы)

Құжаттың түрі: (тиісті ұяда х-пен көрсетіңіз)

Жеке куәлік Төлқұжат

Нөмірі _____ берілді _____
(цифрмен күні, айы, жылы)

_____ (к і м б е р д і)

Тізілім N _____ жылғы сенімхат негізінде салымшының
(цифрмен күні, айы, жылы)
(алушының) мүддесіне іс-әрекет етуші

Фамилиясы _____

Аты _____

Әкесінің аты _____

Туған күні: _____
(цифрмен күні, айы, жылы)

Құжаттың түрі: (тиісті ұяда х-пен көрсетіңіз)

Жеке куәлік Төлқұжат

Нөмірі _____ берілді _____
(цифрмен күні, айы, жылы)

_____ (к і м б е р д і)

Әлеуметтік жеке коды (ӘЖК) N _____

Келіп түскен нөмірі |_|_|_|_|_|_|_|_|_|_|

Е с к е р т у :

1. Өтініш баспа әріптерімен анық толтырылады.
2. Барлық жолдар міндетті түрде толтырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК